**Оңтүстік Қазақстан облысы**
**Қазығұрт аудандық**
**білім бөлімі**
**«Балдырған» бөбекжай - балабақшасы**

# «Сәт сапар бүлдіршін!»

**«Қарлығаш» мектепке дейінгі ересектер тобы**

**Тәрбиешілер: Жумагулова Ф**
**Кенжебекова Ш**
**Ән жетекшісі: Ештаева С**
**Дене шынықтыру**
**мұғалімі: Балабекова А**

**2018 ж**

Бекітемін
Б/б меңг. Ақнұр

# Сәт сапар бүлдіршін

*Залға бүлдіршіндер музыка әуенімен кіріп, орындарына тұрады.*

Барлығы бірге: *Жақсылықкқа құмармыз,*
*Жақсы адам болып шығамыз.*
*Таза сәби жүректен,*
*Қабылдаңыз мың алғыс.*

**Би: «Қоштасу вальсі»**

**Жанерке:** Құрметті қонақтар армысыздар,
Бәріңізде есен-аман бармысыздар?
Таусылмайтын ағытып ой арманның,
Ал,достарым ақ жол тілеп, сөз бастаған.
Ақ тілекті ағытып бір тастайық,
Қоштасатын кешімізді біз бастайық.

Бүгінгі қоштасу кешімізді бастай отырып, ортаға білім мен тәрбие нәрін сусындатқан апайларымызды ортаға шақырамыз.

**Ән: «Бала,бала балапан»**

**Шынар:** Қымбатты ата- аналар, балабақша ұжымы, қадірлі қонақтар! Бүгін біздің біршеше жыл мәпелеп күтіп тәрбиелеп өсірген бүлдіршіндерімізді мектеп табалдырығына шығарып салғалы отырмыз.Бұлар көк байрағын желбіретіп, әнұранын асқақтататын еліміздің ертеңімен келешегі.Бұлар-ел бірлігін ойлайтын, өз отанын қорғайтын біздің болашағымыз.
Ертеңгілігіміздің ашылу салтанатын бастау үшін балабақша меңгерушісі Құралбаева Балқия Тәңірбергенқызына сөз береміз.

**Хор: «Біз мектепке барамыз»**

Тақпақтар:

**Ерхан:** Қиынсынып қашпаймыз,
Шынығамыз жастай біз.
Көңілді әуен сазымен,
Жаттауларды бастаймыз.

**Б.Кәусар:** Балабақша, балабақша
Шаңырағы шаттықтың.
Балабақша қорғанышы,
Балғын сәби жастықтың.
Қуанамыз сыйлаймыз,
Қуаныштың мың гүлін.
Бақшамызбен қимай біз,
Қоштасатын күн бүгін.

**Жасмин:** Балабақша базарлы үй,
Көшедегі ажарлы үй.
Шаттығы бар шуақта,
Өз үйіміз сияқты.
Мектепке енді барамыз,
Үлгілі оқушы боламыз.
Жақсы оқып сабақты,
Кілең бестік аламыз.

**Бекасыл:** *Мектепке енді барамыз,*
*Үлгілі оқушы боламыз.*
*Жақсы оқып сабақты,*
*Кілең бестік аламыз.*
*Қолыма гүл аламын,*
*Дайын дәптер қаламым.*
*Таңқалдырып достарымды,*
*Мен мектепке барамын.*

**Би: «Мен анама ұқсаймын»**
**Орындаушылар: Аяна, Жасмин,С.Каусар, Жаудір,С.Аяла**

**(Ортаға музыка әуенімен «Білгішбек» келеді)**

**Білгішбек:** *Балалар сәлеметсіңдер ме, мен сендерге ақ жол тілеп, сендердің мерекелеріңе құтты болсын деп айтқалы келдім.Мен сендерді өз әлеміме шақырамын, менің достарым болыңдар, бізді алда көп биік асулар күтіп тұр, келсеіңдер ме.*

**Балалар:** *Иә,барамыз.*

**(Ортаға музыка әуенімен «Жалқаубек» келеді)**

**Жалқаубек:** *Ой,мұнда не болып жатыр.Кеттік балалар ойнауға.Не істеп жатырсыңдар,далада қызық болып жатыр,кеттік.*

**Фарида:** *Ау, Жалқаубек сенің мұның не? Мерекеге киініп келмейсің бе,сенде биыл мектепке барасың ғой,қарашы мына Білгішбек қандай бала болғанын, сенде талпынуың керке қой?*

**Жалқаубек:** *Ой, мына Білгішбек мұнда не істеп жүр, бар өзіңнің мектебіңе, балалар менің досым болады. Біз мектепке бармаймыз.Біз үшін аналарымыз, әжелеріміз оқиды, басымызды ауыртпаймыз.*

**Шынар:** *Қой Жалқаубек, біздің балалар мектепке баруға дайын, бүгін біз балабақшамен қоштасып жатыр. Сен апаңнан қалмай жылап балабақшаға келмей жүргенде біздің балалар бәрін оқып біліп алған, қане отыршы көресің.*

**Білгішбек:** *Апай онда мен балалармен ойын ойнап көрейінші балалар мектепке дайын ба екен,білгім келіп тұр.*

**Ойын: «Кім жылдам?»** *Баланың логикалық ойлауын артыру.*

1. *Кемпірқосақтың неше түсі бар ? (7)*
2. *Бағдаршамның неше көзі бар ? (3)*
3. *Қолғапта неше саусақ бар? (10)*
4. *Тірі табиғатқа не жатады? (өсімдіктер, жануарлар, адамдар)*
5. *Өлі табиғатқа не жатады? (су,тас,құм,ауа,тау)*
6. *Аспанда неше күн бар? (1)*
7. *Бір аптада неше күн бар? (7)*
8. *Адамда неше саусақ бар. (20)*
9. *Үшбұрштың неше бұрышы бар? (3)*
10. *Бір жылда неше мезгіл бар? (4)*
11. *Дөңгелектің неше бұрышы бар? (дөңгелекте бұрыш болмайды)*
12. *Мысықтың неше аяғы бар? (4)*
13. *Ағашта үш құс отыр еді, екеуі ұшып кетті нешеуі қалды? (1)*
14. *Дауысты және дауыссыз дыбысты қандай түспен белгілейміз? (дауыстыны қызыл, дауыссызды көк түспен белгілейді)*

**Фарида:** Ал, Жалқаубек қалай екен біздің балалар?

**Жалқаубек:** Балалар сендер мұның бәрін кайдан біліп алдыңдар? Менің асығымнан, фишкамнан, добымнан да қызық ойын екен.

**Білгішбек:** Саған көп ойындар үйретейін, жүр менің мына кітабымнан көп нәрсені білесің мен саған үйретемін жүр кеттік.

**Жалқаубек:** Ия, Білгішбек, менде үйге барып мектепке дайындалайын.

**Білгішбек:** Балалар сау болыңдар, күзде мектепте кездесейік.

Тақпақтар:

**Дарын:** Мектепке ертең барамыз
Оқимыз білім аламыз
Қашыкта болса арамыз
Сіздерге келіп тұрамыз.
Мектеп қамқор анамыз
Оқып білім аламыз
Өнерпаз боп өсетін
Біз оқушы боламыз.

**Жәудір:** Мәпелеген анамыз.
Бақша болды панамыз.
Мектепке енді барамыз
Оқып білім аламыз.

**А.Аяла:** Құшағымда жаркылдап,
Өтті сәби күндерім,
Би-биледім, ән тыңдап,
Алаңдауды білмедім.
Гүлге толы жан-жағым,
Асыр салып жүгірдім.
Өсті талап талғамым,
Көп нәрсені ұғындым.
Рахмет саған-Балабақша!

**Ұлжалғас:** Қуанамыз, сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызды қимай біз
Қоштасатын күн бүгін.
Алау болып жанамыз
Құлыншақ болып шабамыз
Балапандай талпынып
Көкке қанат қағамыз.

**Айтолқын:** Біздер алты жастамыз
Сәбиліктен асқанбыз
Мектеп бізді шақырады
Қош бол әсем бақшамыз
Қош балалар бақшасы
Естен кетпес есімің
Қош балалар бақшасы
Алғаш ашқан есігім

Би:«Кішкентай бұзақылыр»

Орындаушылар: Фариза- Мирас
Данира- А.Диас
Жансезім Қамқор
Жасмин- Нурислам
А.Аяла-Нұрқанат
Үлжалғас-Елнур

Тақпақтар:

Мирас: Шықтым міне хат танып
Жырын елдін жаттадық
Ұстазымның еңбегі
Жатса екен акталып.
Құштар болып білімге
Біз өрлейміз түбінде
Бакшамызды тәмәмдап
Алға кеттік бүгінде.

Аяна: Тәрбие берген бакшамыз
Тәртіпті бала боламыз
Алда үлкен белес бар
Сүрінбей өтіп барамыз.

Нурислам: Сен үйреттің сөйлеуді
Сенде ойым есейді
Мектепке барам мен енді
Балабақшам қош енді

П.Диас: Балабакша,балабақша,
Шаңырағы шаттықтың
Бала бақша қорғанышы
Балғын сәби жастықтың.
Қуанамыз сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бакшамызбен қимаймыз біз
Қоштасатын күн бүгін.

Қамқор: Алты жасқа толамыз,
Әдепті бала боламыз.
Қуантып ата-ананы
Мектепке кетіп барамыз.
Рахмет саған-Балабақша!

Би: «Мен сахнадамын»

Орындаушылар: Жанерке-Дарын
Қарақат-Ерхан
Б.Каусар-Бекасыл
Айтолқын-Мухит
Жансезім-П.Диас

Бүлдіршіндердің алғыс сөздері:

Данира: Орын берген бакшадан
Меңгеруші жақсы адам
Сондыктанда біз үшін
Артық өзі басқадан
Жеткіземіз біз ертең
Болашаққа даңқыңды

Біздің Балқия апайға
Бар баланың алғысы.

С.Аяла: Гүлденсін деп бақшамыз
Күн сайын тыным таппаған
Әдіскер Нышанкүл апайым
Аямас жанын бақшадан

Қарақат: Қызық-қызық ертегі
Бізге оқып береді
Жылауықта,тентек те
Сол апайға көнеді
Фарида апай күлімдеп
Үйретіп бізге келді
Адал етіп баптаған
Ардактап бізді мақтаған
Тентек болсам кешірген
Шынар апай-жақсы адам

Мухит: Дер кезінде тамақты
Әкеліп бізге беретін
Нургул апай қашанда
Тазалықты сүйетін
Дәрумен жеп қолынан
Өскен сәби баламыз
Нургул апай сізге де
Алғыс айтып барамыз

А.Диас: «Суық тиіп қалыпты»-деп
Денемізді қыздырып
Шөп қайнатып береді
Бақшамызда барлық бала
Дәрігер Раушан,Динара,Жадыра
Апайларды өте жақсы көреді

Нұрқанат: Тамылжытып үн салдырып үйреткен
Жүгіріп жүріп талай билер
Сабира апай сізге алғыс айтамыз
Мың қайтара сәби бала жүректен

Фариза: Баулап баптап өсірдіңіз
Балалық етсек кешірдіңіз
Ұмытпаймыз өзіңізді
Ұмытпаймыз сөзіңізді-деп
Тәрбиеші апайларға мың алғыс

Жанерке: Денемізді шынықтырып
Жүгіруді үйреткен.
Секіруді, домалауды.
Қызықтырып ойнатқан,
Айгерім апайға мың алғыс.

Ән: «Тәрбиеші»
Орындаушы: Абдирахман Данира.

Дарын: Әлде май ма, құймақ па?
Ботқа ма,бал ма, қаймақ па?
Дәмді-дәмді тамақ пісірген
Забира,Насима,Айдана
Аспазшы апайларға мың алғыс

Елнұр: Тазалықты сақтаған
Гүлдерді егіп баптаған
Алима, Бағила, Алтынай
Апайларға мың алғыс

Жансезім: Ақ төсекке жатқызып
Тазалықты сақтаған
Кір жуушы Күләш апай
Еңбегіне мақтанам
Төсек орын тап-таза
Аппақ жуған сүлгісі
Үлдархан апай сізге де
Балалардан мың алғыс

С.Каусар: Шекер қосып, бал берген
Тәтті-тәтті дәм берген
Апайымыз қоймашы
Гүлзия апай сізге де
Мыңда бір рахмет айтамыз

Інжу: Есеп-қисап жүргізетін
Бақшаға кіріс кіргізетін
Есепші Бақытжан ағайға
Айтамыз біз мың алғыс

Денешынықтыру білім бөлімі бойынша жаттығулар.

Орындаушылар: Дарын-Фариза
А.Диас-Данира
Нұрқанат-Жансезім
Мирас-Ұлжалғас

Көрініс: «Аққулар ұйықтағанда»

Жүргізуші: Қош балалар, сәт сапар
Үлгілі бәрің болыңдар
Жақсы оқып әркашан
Тек бестікті алыңдар-дей отырып

«СӘТ САПАР БҮЛДІРШІН» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Балабақшамыз көркейе берсін!!!

Бақша ауласындағы шар ұшыру салтанатына шақырамыз.

24.05.18ж

Түркістан облысы

Қазығұрт аудандық

білім бөлімі

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

# Ойыншықтар әлеміне саяхат

Ашық ұйымдастырылған оқу-қызметі

**Тәрбиешілер: Кенжебекова.Ш**

**Бегимова.Б**

**2019-2020оқу жылы**

## “Ойыншықтар әлеміне саяхат”

**Білім саласы:**Коммуникация,Таным,Шығармашылық.

**Білім бөлімі:**Сөйлемді дамыту,Сенсорика,Сурет,Музыка.

**Мақсаты:** Қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру.Ойын арқылы тілді дамыту,тақпақ айту,түр түсімен таныстыру.

Достыққа,ұйымшылдыққа,татулыққа тәрбиелеу.Ойлау қабілетин артттыру,ойын жаттығулары.

**Әдіс-тәсіл:**әңгіме түсіндіру,көрсету ойындар.

**Көрнекілік:**Ойыншықтар,губка,краска,атрибут-маскалар.

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| | Балалар мен сендерді күнде балабақшада көргенде қуанамын.Мен бәріңді жақсы көремін.Ал сендер бір-біріңді кқргенде қуанасыңдар ма? | Балалар жауап береді.<br><br>Саламатсыздарма апайлар!<br><br>Шаттық шеңбер<br><br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Күнімізді бұлт баспасын!<br>Әрқашан жақсылық болсын!<br>Бәріміз дос болайық! |
| Ұйымдас-тырушы ізденушілік кезең | -Балалр сендер ойыншық ойнағанды жақсы көресіңдер ме?<br>-Үйлеріңде ойыншық көп пе?<br>Олай болса сол үйлеріңдегі ойыншықтар жайлы тақпақ білесіңдер ме?<br>Ойыншықтар жайлы тақпақ айтады. | -ЙЯ<br>Көп<br>**Аяла(қуыршақ)**<br>Сөйлемейсің сен неге<br>Тілің жоқ па қуыршақ?<br>Жуынбайсың сен неге?<br>Кірің жоқ па қуыршақ?<br>Аяғың бар,неге сен<br>Жүре алмайсың қуыршақ.<br><br>**Бекасыл(Доп)**<br>Добым,добым,домалақ<br>Қайда кеттің домалап?<br>Алға сырғып жүгірдің<br>Шатырға сен секірдің. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Альбина (Мысық)**<br>Бар менің мысығым<br>Қарашы оның пысығын<br>Шапқылап ойнайды<br>Ол әжемнің ұршығын.<br><br>**Алихан(қоян)**<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Есітп қалып сыбырды<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді. |
| | -Балалар балақшада да ойыншықтар көп.<br>-Ал сендер ойыншықтар әлеміне барғыларың келе ме?<br>-Ендеше поездға отырып барайық.<br>Ойын: "Поезд" | *Пш-пш-пш-пш* |
| | -Балалар біз ойыншықтар әлеміне келдік.<br>-Ой балалар бұл жерде бізден басқа да балалар бар екен,кәне жақындап танысайық амандасайық!<br>-Сәлеметсіздер ме,кім боласыз? | **Сотқарбек:** Сәлеметсіңдер ме,менің уақытым жоқ,сендермен мылжыңдасып тұруға, көрмейсіңдер ме, ойыншықтарды зерттеп жатырмын.<br>(Ойыншықтарды сындырып отырады) |
| | -Балалар бұл Сотқарбек қой,сендер таныдыңдарма?<br>-Балалар ойыншықтармен осылай ойнауға болама?<br>-Ендеше Сотқарбекке бізге ата-анамыз ойыншықтарды зерттеу үшін емес,ойнау үшін алып беретінін түсіндіруіміз керек.Біз ойыншықтармен дос болуымыз керек.Олай болса,Сотқарбекті достыққа шықырайық.<br>-Кім Сотқарбекке тақпақ айтып береді. | Жоқ танымаймыз!<br><br>Жоқ<br><br>**Кәусар:**<br>Анам бізге дүкеннен<br>Ойыншықтар әкелді<br>Ерегеспе үлкенмен<br>Мазақ етпе ойыншықты. |

| | | |
|---|---|---|
| | Орнымыздан тұрып "Ойыншықтар" әнін орындап берейік.Бір сергіп алайық.<br>**Ойын:**"Кім қағып алады?"<br>Сотқарбекпен ойнаймыз.<br>-Сотқарбек айтшы сен допты жарып тастағанда осылай ойнаған болар ма едік? | **Сотқарбек:**<br>-Мені кешіріңдерші мен енді олай жасамаймын.Мен қателесіп жасадым. |
| | (Осы кезде Сиқыршы өзінің достарымен келеді)<br>-Балалар мені танисыңдарма? Мен сендердің достарың боламын.Менің достарым сендерге өз ойларын айтқысы келеді.Оны есту үшін менің сиқырлы сөздерімді қайталаңдар. | **"РЭКС,ПЭКС,ФУКС"**<br><br>**Аяна:(Аю)**<br>-Мен балқұмар аюмын,қорбаңдаймын.<br>Ол рас,ойынды ұнатамын,тек менің құлағымды тартпаңдаршы<br><br>**Көркем:(күшік)**<br>-Мен күшікпін аф-аф<br>Мен сендерді қорғаймын, тек құйрығымнан тартпаңдаршы.<br><br>**Айзере:(қуыршақ)**<br>-Мен әдемі қуыршақпын қыздарды жақсы көремін, тек шашымды тартпаңдаршы |
| | **Сиқыршы:**<br>Тиіспе күшік қоянға<br>Тентектікті қойыңдар,<br>Араздық жоқ араңда<br>Тәту-тәтті болыңдар.<br><br>-Ал балалар сендермен Сотқарбекпен ойын ойнасақ қалай қарайсыңдар?<br><br>**Ойын:** "Түсін ажырат"<br>**Шарты:** Балалар суреттегі түстердің түр-түсін сәйкестендіріп ж/е үлкен кіші көлемдерін ажыратулары керек. | Балалар қызығушылықпен ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сиқыршы:** -Ал балалар мен сендерге өзімнің достарымды тастап кетемін Сотқарбекті өзіммен бірге ертіп кетемін.Оған үйрететінім көп.<br>Сау болыңдар!<br>-Балалар біз өзіміздің бақшамызға оралайық<br>**Ойын:**"Поезд"<br><br>-Балалар біз ойыншықтар әлемінде көп түрлі аңдарды көрдік.<br>Біз соның ішіндегі аюдың суретін салсақ қайтеді.<br>Мына суретте аюдың суретін салып қойыпты.<br>Бірақ бұл аюдың екі құлағы салынбай қалыпты.Біз оны губка арқылы құлағын саламыз | **Пш-пш-пш-пш**<br><br>Балалар шығармашылықпен жұмыс жасайды. |
| | -Балалар сендерге бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?<br><br>Біз қайда бардық?<br><br>-Онда біз кімдерді көрдік?<br><br>Сотқарбекпен достастыңдар ма?<br><br>Ойыншықты сындыруға бола ма екен?<br><br>Бүгінгі оқу қызметі осымен аяқталды.Барлықтарыңызға қатысқандарыңыз үшін көп рақмет.<br>Біз қонақтармен қоштасайық.<br>*Қол ұстасып тұрайық.*<br>*Шеңберді біз құрайық.*<br>*Көріскенше күн жақсы*<br>*Сау-саламат болайық.* | Ұнады<br><br>Ойыншықтар әлеміне<br><br>Сотқарбек,Сиқыршы.<br><br>Достастық!<br><br>Жоқ. |

Күтілетін нәтиже:

Жасайды:Ойыншықтар туралы түсініктері бар.

Түсінеді:Ойыншықтар күтіп,дұрыс ойынға қолдана білуді.

Қолданады:Ойыншықты қажетіне қарай қолданады.



Қазығұрт ауданы
білім бөлімі
«Б а л д ы р ғ а н»
бөбекжай балабақшасы

# «АНА- ӨМІР ГҮЛІ»

## Ертеңгілік



Тәрбиешілер: Кенжебекова Ш
Бегімова Б
Ән жетекшісі: Ештаева С

2020 ж

# «Ана – өмір гүлі»

**Мақсаты:** Балаларға аналар мейрамы туралы түсінік беру. Барлық аналарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру,ана еңбегін ардақтап, құрметтей білуге тәрбиелеу. Ата-анамен байланысын нығайту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.Балалардың ой өрісін, тілбайлығын, сөздік қорын дамыту.

**Жүршізуші:** Қымбатты балалар сүйікті аналар, апалар және әріптестер бүгін біз көктемнің алғашқы күні осы әсем залға сегізінші –Наурыз аналар мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерге зор ден саулық ұзақ өмірде қажымас қайрат, талмас бақыт тілейсіз. Мереке құтты болсын!

Өмірге ана-бұлақ, ана пана,
Өмірді өркендетер ана ғана
Ана! Ол біздің елде ардақты адам,
Кіші де, үлкен де оны ардақтаған,
Өзінің аяулысы Отанды да,
«Ана» деп біздің халық текке айтпаған -дей келе біз бүгінгі аяулы жандар, ардақты қыздар, ақ жаулықты апаларға арналған ертеңгілігімізді бастаймыз қабыл алыңыздар.

**Ән: «Құттықтаймын мама»**

**Рамазан:**
Аялаймыз ананы,
Құрметтейміз баланы
Сіздер үшін аналар,
Шырқап тақпақ айтамыз.

**Әдемі:**
Нұрын төккен маған
Шуағымсың сен,
Айналайын мама
Қуанышыңмен.

**Альбина:**
Ел жатқанда жатпаған,
Мен деп тыным таппаған.
Бақыт үшін баланың,
Аман-сау жүр ақ мамам

**Нұрислам:**
Теңдесі жоқ данасың,
Арқа сүйер панасың
Еңбегіңді ақтаймын,
Аман болшы анашым.

**Аяулым:** Ақ қабақты анашым,
Күн сәулелі анашым
Әлпештеген баласын,
Айналайын анашым.

**Т.Айзере**: Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті аналар.

**(Залға Қызыл телпек келеді.)**

**Қызыл телпек**: Мен қызыл телпекпін,
Орманға қәзір барамын
Гүлдерді теріп аламын.

Қызыл телпек шеңбер бойымен жүріп, гүл таба алмай жүреді.

**Қызыл телпек**: Ой, гүлдер көрінбейді,
Анама енді не деймін ?

**Жүргізуші:** - Қызыл телпек сен аналар мерекесін тамашалауға қал. Біздің бүлдіршіндеріміздің өлең тақпақтарын билерін тамашала.

**Би: «Вальс»**

Бекасыс – А.Айзере
Абзал - Әдемі
Рамазан – Көркем
Нұрғас – Аяла

**Кәусар:** Мен бәріне адалмын,
Маған жақын бар адам
Барлығынан солардың,
Жақыннырақ жан анам!

**Нұрсұлтан:** Анашымды сағынам,
Оған ешкім жетпейді
Анасының жанынан,
Бөбегіде кетпейді.

**Е.Айзере:** Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір-бірден,
Анаға сыйлаймыз.

**Самира**: Шашымды өріп тараған,
Қабағыма қараған
Үлкен, кіші демейді,
Сыйлайды оны бар адам.

**Алина:** Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым
Менің саған тілегім,
Қартаймашы анашым.

**Нурикамал:** Мәпелейсің мені анам,
Қолыңдағы құсыңдай
Құлпыра өсіп дем алам,
Құшағыңда қысылмай.

**А.Алихан:** Анам менің керемет,
Сыйлап өтем өмірде.

**Ойын: «Анамызды сәндейміз»**
**Шарты:** ұл-қыздар аналарын бояндырулары керек.

**(Залға әуенмен Ару -көктем келеді).**

**Көктем:** Маған жаңа мұнда не болып жатқанын құстар сыбырлап кетті. Ал мына залдағы көңіл-күй қандай тамаша. Мен сендердің киімдеріңе қызығып тұрмын. Балалар әдемі болып кетіпсіңдер.

**Жүргізуші:** Біздің балалар қазір Ару -көктемге және аналарына арнап тақпақтарын және би билеп береді. Сен Ару -көктем біздің өнерімізді тамашала.

**Нұртас**: Аспандағы айымсың,
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекең,
Айналайын жан анам.

**Абылайхан:** Ана - біздің күніміз,
Ананың – біз гүліміз.

**Аяла:** Жарқын жүзді жан анам,
Сендей болсын бар адам
Сендей болса бар адам,
Шаттық кетпес баладан.

**Көркемай**: Бүгінге көктем күнінде,
Барлық адам қуанар
Аналарды мейрамымен,
Құттықтайды балалар.

**Бекасыл:** Ақтаймын анашым,
Ақылы мол данасың
Қамқорысың сәбидің
Гүлі сен әр үйдің!

**А.Айзере**: Мен анамды сүйемін,
Құшағыңа енемін
Мәпелеген анамды,
Қуантсам деп келемін.

**Би:** **«Аспазшылар»**
А.Алихан, Нұрали, Мәнсур,Нұрсұлтан,Абылайхан, Нурислам.

**Көктем:** Тақпақтарың, билерің қандай тамаша екен. Менің құшағым толы гүлдерге. Мен осы гүлдерді Қызыл телпекке ала келдім. Анасына апарып берсін. (Қолынан гүлдері түсіп кетеді) Балалар мына гүлдерді жинап берейікші.

**Ойын: «Гүл жинау»**
**Шарты**: Балалар гүлді ептілік және жылдамдықпен жинап себетке салады.

**Жүргізуші**: Рахмет саған Ару -көктем. Енді біздің Қызыл телпектің анасына апаратын сыйлығы бар.

**Жүргізуші:** Ал біздің ұл-қыздарымыз әжелеріне арнап тақпақ-билерін дайындап келіпті.

**Әже туралы тақпақтар.**

**Жанерке:** Ақ жаулықты әжемді,
Ай жүзіне теңедім
Мейірімің таусылмас,
Күн нұрына теңедім.

**Нұрасыл:** Әжем менің әлі де,
Ұқсамайды кәріге
Шай қайнатып береді,
Қажет болса бәріңе.

**Абзал**: Әжемді мейрамымен құттықтаймын,
Әжеме беретін гүлім дайын
«Әжетай сені жақсы көремін», - деп
Ақырын құлағыңа сыбырлаймын.

**Нұрали:** Ақ жаулықты әжемді,
Күн нұрына теңедім.

**Камшат:** Менің әжем, гүл әжем,
Алтын әжем, күн әжем
Анам үшін, мен үшін,
Нағыз ана, тіл әжем.

**Мәнсур:** Ертегі қандай көп еді,
Күнде айтып береді
Қуанатын балаша,
Әжем менің тамаша.

**Би:** **«Шөжелер»**
Кәусар, Аяна, Е.Айзере, Т.Айзере, Нурикамал, Альбина, Самира, Жанерке, Алина, Камшат,Аяулым.

**Ата-аналармен ойын**.

**Ойын: «Ата-анамен қимылды ойын»**
**Шарты:** Ата-аналарды ортаға шығарып газет үстінде билеу,және ол газетті бүктеу арқылы билеулері керек.

**Ән:** **«Әжем мені өте жақсы көреді»**

**Ару-көктем:** Балалар сендердің өнерлерің өте тамаша. Жүздерің балбұл жайнап. Гүлдей құлпыпып жүре беріңдер. Мен Қызыл телпекті өзіммен бірге ертіп кетіп, жол көрсетіп жіберейін.Сендердің өнерлеріңе тәнті болдым.сендерге көп-көп рахмет.Сау болыңдар.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар және ата-аналар! Сіздерге ашық аспан, жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Біздің бүлдіршіндеріміздің қолдан жасаған сыйлығымызды қабыл алыңыздар. Осымен біздің ертеңгіліміз аяқталды. Келесі кездескешне сау болыңыздар.

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
«Б а л д ы р ғ а н»
бөбекжай балабақшасы

# Білімнің бастауы - балабақшада



Тәрбиешілер: Жумагулова Ф
Даулетбаева Т
Кенжебекова Ш
Бегімова Б
Садырбаева А

2022 ж

## «Білімнің бастауы – балабақшада»

**Мақсаты:** Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу. Білім күні мерекесінің мән-мағынасын ұғындыру. Мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Тәрбиеші:** Қастерлемес даңқын кім
Қадірлемес салтын кім
Әнұраны елімнің
Үні, тілі халқымның.

**Е. Айша:** Әнұраны елімнің,
Шақырады бірлікке.
Егеменді халқымның,
Болашағы бірлікте

**Әнұран:** **Хор**

**Тәрбиеші:** Қош келдіңіздер, құрметті әріптестер, балалар!

Құрметті балалар, Бүгін біз 1995 жылы 30 тамызда Бүкіл халықтық Референдумда қабылданған Ата заң, Конституция күнін атап өтеміз. Заң дегеніміз–қоғамның негізгі тірегі. Қоғам деп отырғанымыз–мына біздер.

Биыл Ата Заңымызға 27 жыл толады. Өздерің білесіңдер, ол адамның, қоғамның, елдің құқығын қорғауға арналған. Әрбір елдің өз Ата заңдары болады.

Балақайлар ҚР азаматтарының, яғни, сіздер мен біздің құқықтарымызды суреттерге қарап қайталайық!

**Слайд: «Ата заң»**

- Дүниеге келген әр адам бейбіт, тыныш өмір сүруге құқылы;
- Кішкентайлар үлкендердің қамқорлығына, жанашырлығына құқылы;
- медициналық қызмет алуға құқылы;
- оқып, білім алуға құқылы;

Сонымен қатар әр азаматтың орындауы тиіс міндеттері бар:

- Мемлекеттік тіл – қазақ тілінде сөйлеуге міндетті;
- ҚР заңдарын бұлжытпай орындауға міндетті;
- Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеуге міндетті;
- Отанды қорғауға міндетті;
- Табиғатқа жанашыр болуға міндетті;

Осы Заңның орындалуын бақылау елдің ең құрметті, ең басты адамы президентімізге жүктеледі.
- Біздің президентіміз кім?
- Қасымжомарт Тоқаев
- Рәміздерімізді бірге атайық!
- Ән ұран, Елтаңба, Ту.

Сонымен бірге біз Ата заң күні мерекесімен бірге қатар келетін Білім күні мерекесінде тойлаймыз.

**(Әсем әуен ойналып «Бақыт құсы» ұшып келеді)**

**Бақыт құсы:** Сәлем, баршаңызға! Мен –бақыт құсымын. Қариясы сыйлы, балалары бақытты Қазақстан дейтін байтақ елді мекен етемін. Мәңгілік ел халқының қос мерекеге арнаған лебіздерін мына сиқырлы шарға жинап жүрмін. Лебіздерге толған сиқырлы шар еліміздің көгінде барша Қазақстандықтарға нұрлы шуағын шашып тұратын болады. Ата Заң күнін кеше ғана бүкіл ел тойлады. Ата Заң- елдегі бақыт пен бірліктің, бостандық пен теңдіктің кепілі.

**Тәрбиеші:** Ата заң күні мерекесіне біз арнайы тақпақтар жаттадық,тыңдап көріңіз.

**Тақпақтар:**

**Дінмұхамед:** Еркін елдің ата заңы ардақты,
Әрбір сөзі, әрбір бабы салмақты.
Адам құқы, бостандығы, теңдігі,
Барлығын да қарастырған жан-жақты.

**Мансур:** Ата заңым – бабалардың лебізі
Ата заңым- барлық заңның негізі.
Арқа сүйер Ата заңда адамды,
Артық санау кемсітудің жоқ ізі.

**Мардан:** Ата Заңым! Арман әнім,
Сенен асқан бар ма бағым.
Жалғыз саған байланысты.
Елінде еркін самғаған.

**Ф. Айзере:** Ата Заңым! Бар мұратым,
Жалғыз кие жанды ұғатын.
Жансақ бассақ жолға салып,
Тәубаңды еске алдыратын.

**Сабина:** Әрбір жан ойы қосылған,
Құрмет көрер досыңнан.

Бірлігі елдің қашанда,
Нығайсын деген осы заң.

**Әлима: С. Інжу:** Ата заңым-бірлігім,
Берекелі іс, тірлігім.
Елдің ырыс, бақыты,
Бейбітшілік, нұрлы күн.

**Бақыт құсы:** Жарайсыңдар балалар,керемет рахмет сендерге.

**Тәрбиеші:** Енді балдармен бірге ойын ойнайық

**Дидактикалық ойын: «Дұрыс орналастыр»**

**Тақпақтар:**

**Дархан: Мансұр:** Ата заңым-тірегім,
Арман, үміт, тілегім
Өрлеп, өскен, бүгінгі-
Өз отаным, ұлы елім!

**Нұрсауле:** Ата заңым-қуатым,
Сенім, максат, мұратым.
Мактанышым, көк туым,
Көкте шалқып тұратын!
Қазақстан – ұлы елім.
Әнге қосам өр атын!

**Алау:** Бас иетін бар адам,
Әрбір сөзісалмақты.
Қорғар біле-жаладан,
Ата Заң бұл ардақты.

**Мейіржан:** Алтын Заңым қорғайды,
Бар адамның теңдігін.
Әділетті қолдайды,
Арқа тұтып, ел бүгін.

**Ә. Айша:** Шалдықпадым талмадым,
Арманды алга жалғадым.
Конституция қорғаным,
Атасы ол бар заңның.

**Ерсұлтан:** Ғұмырымыз бар ел сенген.
Дәстүрлі –ең ізгі.
Әділдікпен өлшенген,
Заңымыз бар негізгі.

Тәрбиеші: **<u>1 қыркүйек - Білім күні</u>**. Мерекеміз құтты болсын!

**Тәрбиеші:** Шайдай ашық бейбіт күннің аспаны
Ауламыздың келісіп тұр бар сәні
1-қыркүйек - салтанатты мерекемен
Құттықтайды бүлдіршіндер баршаны!

Б
Ш

**Слайд: Білім күні туралы қысқаша мағлұмат беру.**

**Айсел:** Бүкіл елде басталып бүгінгі жыры,
Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.
Білім-ғылым бастауы мерекелі,
Құтты болсын бүгінгі Білім күні.

**Хантөре:** Әлемдегі барша жұрт
Бас иеді білімге.
Білім күнін қарсы алып,
Қыркүйектің бірінде.

**Тәуекел:** Кел- кел достым бақшаға,
Естимісің үнімді.
Сауат ашып, тіл дамытып,
Үйренейік білімді.

**Балым: Е. Аяла:**
Білім керек бәріне,
Балаларадың бәріне.
Білім болмаса егерде,
Жолы болмас өмірде.

**Жасмин:** Туған ана тілінде,
Қасиетті дінінде.
Көкейіңе ұялар,
Құштар болсаң білімге.

**Қимылды ойын: «Кім шапшаң?»**

**Ойын шарты:** Екі бала ортаға шығып екі сөмкеге оқу құралдарын жарыса салуы керек.

**Бақыт құсы:** Жарайсыңдар балалар.

**Тәрбиеші:** Бүгін–білім күні ғой! Үлкен мереке!
Біз енді ойынды азайтамыз, көбірек оқитын боламыз.
Жер бетіндегі бар бала оқып, білім алуы керек. Білім не үшін керек екенін балалар өлең жолдарымен айтып берсін.

**Айару:** Ғылымның көп тас қамалы,
Ғалымдықта асқаралы.